#ҚАМҚОРЛЫҚ

Әлеуметтік сақтандыру – балалы отбасыларды қолдаудың маңызды құралы

Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Қазақстанда әлеуметтік қолдау мен қорғаудың заманауи, көп деңгейлі жүйесі қалыптасқан. Оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру – халықты әлеуметтік тәуекелдерден қорғаудың басты тетіктерінің бірі.

2005 жылы енгізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бастапқыда еңбекке қабілеттіліктен, асыраушысынан және жұмысынан айырылу жағдайларын қамтыған еді. Ал 2008 жылдан бастап жұмыс істейтін әйелдердің мүдделерін қорғау мақсатында жүйе ана болу және бала күтімі бойынша қосымша төлемдермен толықтырылды.

АНА МЕН БАЛАНЫ ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІ

Жұмыс істейтін әйелдерге жүктілік пен босануға байланысты әлеуметтік демалыс беріледі. Осы кезеңде олар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) біржолғы төлем алады. Төлем мөлшері соңғы 12 айда түскен әлеуметтік аударымдар негізінде есептеледі.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының ШҚО бойынша филиалының ақпаратына сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы бес айында шамамен 2,7 мың әйел 4,8 млрд теңгенің жүктілік пен босануға байланысты төлемін алған. Біржолғы төлемнің орташа мөлшері 2 млн теңгеден асып отыр.

Сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлемдер қарастырылған. Бұл төлем де Қорға жасалған аударымдарға негізделіп есептеледі. Биылғы жылдың алғашқы бес айында өңірде 2,7 мың ата-анаға 4,6 млрд теңге төленген. Ай сайынғы орташа төлем – 93 мың теңге.

Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар бала туғанға дейінгі соңғы екі жылда Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40%-ы мөлшерінде төлемдерді ала алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ – БАРЛЫҚ АТА–АНАҒА

Жұмыс істейтініне қарамастан, бала туған кезде ата-ананың біріне мемлекеттік бюджет есебінен біржолғы жәрдемақы беріледі. Оның мөлшері:

*бір-үш балаға – 38 АЕК;

*төрт және одан да көп балаға – 63 АЕК.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 2024 жылы өңірде 8 457 бала дүниеге келген. Жалпы соңғы бес жылда бұл көрсеткіш – 48 мыңнан астам.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ – ҮЗДІКСІЗ

Бала күтімі бойынша демалыс кезеңінде ай сайын әлеуметтік төлем алып отыратындар үшін міндетті зейнетақы жарналарының аударылуы жалғасады. Біржолғы және ай сайынғы әлеуметтік төлемдерден 10% көлемінде жарна ұсталып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады. Сондай-ақ, бала күтімі кезеңінде зейнетақы жинақтарын толыққанды қалыптастыру мақсатында мемлекет міндетті зейнетақы жарналарын қосымша субсидиялайды.

ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

МӘСҚ көрсететін қызметтердің 70%-дан астамы электронды форматта қолжетімді. Төлемдерге өтініш беру egov.kz порталы, мобильді қосымшалар және «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, төлемдерді проактивті түрде sms-хабарламамен растау арқылы рәсімдеуге де мүмкіндік бар.

aikyn.kz

Төлемдерді тағайындау кезінде Қордың филиалдары құжаттардың дұрыстығын тексеретінін атап өткен жөн. Осыған байланысты, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және толық төленбеген, Міндетті зейнетақы жарнасының сомалары әлеуметтік аударымдарға сәйкес келмеген жағдайларда Қор алынған материалдарды қайта рәсімдеуге жібереді. Мұндай жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 30 жұмыс күніне дейін ұзартылуы ықтимал. Бұл кезең тиісті мемлекеттік органдардан, жұмыс берушіден және басқа да ұйымдардан қажетті қосымша мәліметтер алу үшін қажет.

Сондықтан азаматтарға жұмыс берушілердің өз міндеттемелерін дұрыс орындауын бақылап отыру ұсынылады. Қажетті мәліметтерді egov.kz порталынан немесе банк қосымшалары арқылы көруге болады.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ – ТҰРАҚТЫ ЖҮЙЕ

Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан облысы бойынша 237 мыңнан астам азамат міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болса, оның 29 мыңнан астамы әлеуметтік төлем алушылар қатарында.

Қор цифрлық сервистерді дамытуды және төлемдерді алудың қолжетімділігін қамтамасыз етуді жалғастыруда. Республика бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 70%-нан астамы электрондық форматта ұсынылады, бұл процесті жылдам және ыңғайлы етеді.

Қор қызметінің негізгі бағыттары – жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қаражатты тиімді пайдалану және халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсету. Бала туғанда және күтімі кезінде ата-аналарға нақты көмек көрсету – әлеуметтік сақтандыру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

#«КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК»

Көмек ауқымы кеңеюде

Ержан КЕҢЕСҰЛЫ

Облысымызда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтер көлемі жыл сайын артып келеді. Осы жылдың алғашқы жартысында 323 мыңнан астам қызмет көрсетіліп, бұл саладағы оң өзгерістер мен цифрлық шешімдердің тиімділігі айқын байқалуда.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған мәліметке сүйенсек, жыл басынан бері Шығыс Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі жандарға 323 мыңнан астам түрлі әлеуметтік қызмет көрсетілген. Бұл – өңір бойынша ерекше қажеттілігі бар азаматтарға деген қамқорлық пен қолдаудың маңызды көрсеткіші.

Аталған қызметтердің басым бөлігі арнайы *Әлеуметтік қызметтер порталы* арқылы рәсімделген. Нақтырақ айтсақ, 246,3 мың тапсырыс техникалық оңалту құралдарына берілген, 24,4 мың жеке көмекшінің қызметіне, 7,7 мың ымдау тілі қызметіне, 45,3 мың санаторий-курорттық емделуге жолданған.

Яғни, бұлар – тек қызмет көлемі емес, әр адамның тұрмысына тікелей әсер ететін нақты көмек түрлері. Әсіресе, техникалық оңалту құралдарына сұраныстың жоғары болуы мүгедектігі бар азаматтардың күнделікті өмірін жеңілдетуге бағытталған нақты қажеттіліктерді көрсетіп отыр.

inva.news

Цифрлық мүмкіндіктердің дамуы әлеуметтік қызметтердің де сапасын арттырып отыр. Бүгінде socialservice.kz порталы арқылы әр азамат өзіне қажетті құрал не қызмет түрін таңдап, тікелей өндірушіден немесе жеткізушіден ала алады. Барлық процесс электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы расталып, адам факторының қатысуы барынша азайтылады.

Одан бөлек, қажетті құралдар үйге жеткізілу немесе жеке барып алу мүмкіндігімен ұсынылады. Бұл әсіресе қозғалысы шектеулі жандар үшін өте тиімді шешім болып отыр.

Техникалық оңалту құралдары дегеніміз – мүгедектігі бар азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға арналған арнаулы жабдықтар. Оларға протездік-ортопедиялық бұйымдар, сурдотехникалық құралдар (есту қабілеті төмен жандарға арналған), тифлотехникалық құралдар (көру қабілеті шектеулі жандарға арналған), гигиеналық құралдар, арнайы мүгедек арбалары және тағы басқалар енеді.

Мұндай жабдықтарсыз өмір сүру өте қиын, кейде тіпті мүмкін емес. Сондықтан мұндай көмектердің уақытылы көрсетілуі – мемлекет үшін маңызды әлеуметтік міндет.

Порталда тіркелген жеткізушілер саны – бұл жүйеге деген сенім мен сұраныстың дәлелі. Қазіргі кезде елімізде 680 әлеуметтік қызмет көрсетуші, 981 техникалық оңалту құралдарын жеткізуші, 31 мыңнан астам жеке көмекші, 761 ымдау тілі маманы, 130-ға жуық санаторий-курорттық мекеме жұмыс істейді.

Мұндай ауқымды қамту көрсеткіші әрбір мүмкіндігі шектеулі азаматтың қажеттілігіне дер кезінде жауап беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл жұмыс орындарын құру мен экономиканы қолдаудың да бір тетігі болып отыр.

Порталдың тағы бір артықшылығы – қолжетімділік. Қандай да бір сұрақтар немесе техникалық қиындықтар туындаған жағдайда 1414 байланыс орталығына хабарласуға болады. Онда арнайы мамандар барлық сұрақтарға жауап беріп, порталмен жұмыс істеу бойынша нақты нұсқаулықтар береді.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалатын жағдай – қоғамның өркениеттілігінің басты көрсеткіші. Елімізде әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын сақтау мақсатында мемлекет тарапынан нақты шаралар қабылдануда. Соның ішінде Шығыс Қазақстан облысы бұл бағытта айтарлықтай белсенділік танытып отыр.

Мәселен, соңғы жылдары өңірде қолжетімді ортаның кеңеюі, инклюзивті білім беру мен жұмыспен қамту бағытындағы жобалар белсенді іске асырылып келеді.